

БИОСФЕРА ТАРАУЫ

А

Автотрофтар — өзіне қажетті қоректік заттарды күн энергиясы арқылы бейорганикалық заттардан синтездейтін тірі ағзалар (мысалы, өсімдіктер).

Адаптация (бейімделу) — тірі ағзалардың қоршаған орта жағдайына бейімделу қабілеті.

Агроэкожүйе — адам әрекеті нәтижесінде пайда болған ауыл шаруашылық экожүйесі (егіндік, бақ, жайылым).

Ареал — белгілі бір түрдің немесе ағзалардың таралған аймағы.

Атмосфера — тіршілікке қажетті газдардың (оттек, көмірқышқыл газы, азот) жиналған қабығы, биосфераның бөлігі

Б

Биогеоценоз — белгілі бір табиғи аймақта тірі ағзалар мен олардың өмір сүретін ортасының өзара байланысқан жүйесі.

Биогендік элементтер — тірі ағзалардың құрамына кіретін химиялық элементтер (көміртек, сутек, оттек, азот, күкірт, фосфор).

Биологиялық айналым — тірі ағзалар мен қоршаған орта арасындағы зат пен энергияның үздіксіз алмасу процесі.

Биомасса — белгілі бір аймақтағы тірі ағзалардың жалпы салмағы.

Биосфера — тіршілік таралған Жер қабығы; оған атмосфераның төменгі бөлігі, гидросфера және литосфераның үстіңгі қабаты кіреді.

Биоценоз — белгілі бір ортада тіршілік ететін ағзалардың (өсімдік, жануар, микроорганизм) жиынтығы.

В

Вирустар — тірі мен өлі табиғаттың шекарасында тұратын, жасушасыз тіршілік иелері.

Г

Геоэкология — табиғи ортаның өзгерісін және адамның оған әсерін зерттейтін ғылым.

Гетеротрофтар — дайын органикалық заттармен қоректенетін тірі ағзалар (жануарлар, адамдар, кейбір бактериялар)

Д

Демэкология — популяцияларды және олардың динамикасын зерттейтін экология саласы.

Деградация — экожүйенің бұзылуы немесе табиғи тепе-теңдіктің жойылуы.

Дүниежүзілік табиғат қоры (WWF) — биологиялық алуантүрлілікті сақтау бағытында жұмыс істейтін халықаралық ұйым.

Ж

Жануарлар дүниесі (фауна) — белгілі бір аймақта тіршілік ететін жануарлар түрлерінің жиынтығы.

Жасыл белдеу — елді мекендерді қоршаған ағаштар мен өсімдіктер аймағы; экологиялық маңызы зор.

Жер ресурстары — адам мен табиғаттың шаруашылық қызметінде пайдаланылатын жер қоры.

Жердің тіршілік қабығы — биосфераның синонимі, тірі ағзалар мекендейтін айма

З

Зат айналымы (табиғаттағы) — табиғаттағы су, ауа, минерал және тірі заттардың үздіксіз қозғалысы мен айналысы.

Зоогеография — жануарлардың таралу заңдылықтарын зерттейтін география саласы.

И

Интродукция — басқа аймақтан өсімдік немесе жануар түрін әкеліп жерсіндіру.

Иерархия (экологиялық) — тірі ағзалардың ұйымдасу деңгейлері: жеке ағза → популяция → биоценоз → экожүйе → биосфера

К

Көміртек айналымы — атмосфера, тірі ағзалар және топырақ арасындағы көмірқышқыл газының қозғалысы.

Қорық — сирек және жойылып бара жатқан өсімдік пен жануар түрлерін қорғау мақсатында құрылған табиғи аймақ.

Қызыл кітап — жойылып кету қаупі бар өсімдік пен жануар түрлері енгізілген халықаралық немесе ұлттық тізім.

Л

Литосфера — Жердің қатты қабығы, биосфераның төменгі бөлігі.

М

Микроорганизмдер — өте ұсақ тірі ағзалар (бактериялар, саңырауқұлақтар), табиғаттағы зат айналымында маңызды рөл атқарады.

Мутация — тірі ағзаның тұқым қуалау қасиеттерінде болатын өзгеріс.

Н

Нуклеотид — ДНҚ мен РНҚ молекулаларының құрылымдық бірлігі, тұқым қуалаушылықтың негізі.

Ө

Өсімдіктер дүниесі (флора) — белгілі бір аймақта өсетін өсімдік түрлерінің жиынтығы.

Өмір сүру ортасы — тірі ағзалар өмір сүретін табиғи орта (су, ауа, топырақ, тірі ағзалар ортасы).

П

Паразит — басқа ағзаның есебінен тіршілік ететін организм.

Популяция — белгілі бір түрдің белгілі бір аймақта өмір сүретін дараларының жиынтығы.

Продуценттер — күн энергиясының көмегімен органикалық зат түзетін өсімдіктер мен балдырлар.

Р

Редуценттер — өлі органикалық қалдықтарды қарапайым бейорганикалық заттарға айналдыратын ағзалар (бактериялар, саңырауқұлақтар).

Рециркуляция — табиғи ресурстарды (су, ауа, биомасса) қайта пайдалану процесі.

С

Су айналымы — судың атмосфера, гидросфера және литосфера арасындағы үздіксіз қозғалысы.

Сукцессия — табиғи ортадағы бір экожүйенің екіншімен алмасу процесі (мысалы, батпақтың орманға айналуы).

Т

Табиғат зоналары — климат пен өсімдік жамылғысына байланысты қалыптасқан ірі географиялық аймақтар (орман, дала, шөл, тундра және т.б.).

Тірі зат — биосферадағы барлық тіршілік иелерінің жиынтығы.

Топырақ — биосфераның ең маңызды бөлігі, тіршіліктің негізі болып табылатын жердің үстіңгі қабаты.

Трофикалық тізбек — бір ағзаның екіншісін қорек ретінде пайдалануы арқылы жүзеге асатын қоректік байланыстар жүйесі.

Ф

Фауна — жануарлар дүниесі.

Флора — өсімдіктер дүниесі.

Фотосинтез — күн энергиясының әсерінен көмірқышқыл газы мен судан органикалық зат түзілу процесі.

Э

Экожүйе — тірі ағзалар мен олардың қоршаған ортасының өзара байланысқан табиғи жүйесі.

Экология — тірі ағзалардың қоршаған ортамен өзара қатынасын зерттейтін ғылым.

Экологиялық тепе-теңдік — табиғаттағы тірі және өлі компоненттердің өзара тұрақты қатынасы.

Экспедиция — ғылыми мақсатта табиғатты зерттеу үшін ұйымдастырылған саяхат.

Эндемик түр — тек белгілі бір аймақта ғана тіршілік ететін өсімдік немесе жануар түрі.